

БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 3-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БАСТАУЫ

Гегель ұлттық мемлекет туралы.
Макиавеллидің «Билеушісі»,
Мордың «Утопиясы»



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 17. Гегель ұлттық мемлекет туралы. Макиавеллидің «Билеушісі». Мордың «Утопиясы»

Гегель ұлттық мемлекет туралы

Руссоның жалпыға ортақ ерік ұғымын Кант пен Гегель әртүрлі қарастырды. Кант оған мораль субъектілерінің консенсусы ретінде мифтік емес форма беруге тырысты, олардың әрқайсысы өзі және басқалар үшін универсал заңдарды заң жүзінде бекітеді. Гегель оны адамзат тарихында көрініс табатын әлемдік рухтың еркіндігіне айналдырды.

Гегель өзінің еркіндігі мол рух пен өзіндік сананың эволюциясы туралы тезистері мен нақты тарихтың арасындағы айырмашылықтың жер мен көктей екенін түсінген сияқты. Ол әлемдегі үдерістердің бәрі жекелеген тұлғалардың риясыз іс-әрекеттерінің нәтижелері екенімен келісті; сондықтан ол тарихты халықтардың бақыты, мемлекеттердің даналығы және жекелеген адамдардың ізгіліктері құрбандыққа шалынатын қасапхана ретінде сипаттауға дайын болды. Бірақ, – дейді ол, – уайымға салыну – негізсіз; себебі индивидуумдардың эгоистік әрекеттері – дүниежүзінің идеал тағдырын жүзеге асырудың жалғыз ғана құралы. «Идеал – тарих өрмегінің негіз-қаңқасы, ал адамның ұмтылыстары – оның жіптері».

Адамның іс-әрекеттері әлеуметтік ортада жасалады, өзіндік мүдделер эгоистік болмауы тиіс. Әлеуметтік рөлдерді орындауды өздігімен үйренемін деп үміттенуге болады: өз отбасыма деген махаббат, мамандығымды мақтаным тұтуым – өзіндік сананың формалары емес, алайда олар менің бақытты болуыма ықпал етеді. Керісінше, әлеуметтік институттар менің еркіндігімді шектемейді, олар менің іс-әрекеттерімнің мүмкіндіктерін кеңейте отырып, еркіндігімді ұлғайтады. Бұл отбасына және Гегель «азаматтық қоғам» деп атайтын клубтар мен кәсіпорындар сияқты ерікті ұжымдарға қатысты алғанда ақиқат болып саналады. Бұл – ең алдымен, мемлекет, ол әрекет еркіндіктерін ең көп мүмкіндіктермен қамтамасыз етеді, сонымен қатар, әлемдік рухтың өз мақсаттарына жетуге ықпалын тигізеді.

Идеал мемлекет азаматтардың жеке мүдделері мемлекеттің жалпы мүдделеріне сәйкес келетін түрде құрылуы тиіс. Дүниежүзілік рух олардың көмегімен өзінің мақсатына жететін индивидуумдарды тарих, мемлекет және халықтардың өздерінің арасынан шығарып отырады. Мысал ретінде ұлы адамдардың Цезарь немесе Наполеон сияқты бірегей тұлғаларын айтуға болады, олар өз замандары үшін тарихтың пісіп-жеткен қырларын көре білді және дүниежүзілік рухтың көрініс табуында ерекше рөл атқарды.

Бірақ та мұндай адамдар сирек кездеседі және дүниежүзілік рухтың жекелеген халықтар немесе ұлттар арқылы қалыпты дамуы болып саналады. Бұл рух халықтың мәдениетінде, діні мен философиясында, сонымен қатар, әлеуметтік мекемелерінде көрініс табады. Ұлттардың мемлекеттермен бірдей болуы міндетті емес. Шынында да, Гегель осыны жазған кезде неміс ұлты өзін герман мемлекетіне әлі айналдырмаған еді, бірақ тек мемлекетте ғана ұлт өзін саналы түсіне бастайды.

Мемлекет құру – рух оны қалыптастыру құралдары ретінде жекелеген тұлғалар мен халықтарды қолданатын өте жоғары мақсат. Гегель үшін мемлекет бейбіт өмірді немесе меншікті қорғауға арналған мәжбүрлеу құралы: бұл – жеке тұлғаларға өмірлік жаңа өлшемдер ұсынып, олардың еркіндігінің кеңінен қанат жаюына ықпал ететін негіз. Еркіндіктің көрінісі ретінде мемлекет өздігінен өмір сүреді. Индивидуал азамат өзі ие болып отырған бүкіл құндылықтарға, рухани дүниеге тек мемлекет арқылы ғана қол жеткізіп отыр. Қоғамдық және саяси өмірге қатыса отырып қана ол өзінің рационал болмысын саналы түсінеді, өзін ұлттық және дүниежүзілік рухтың көрініс ретінде көрсетеді. Мемлекет, – дейді Гегель, – жер бетінде өмір сүріп отырған құдайы идея.

Бірақ құдайы идея әлі толығымен жүзеге асырылмаған. «Неміс рухы, – деп есептейді Гегель, абсолют ақиқат шексіз еркіндікке ие жаңа дүниенің рухы. Алайда Пруссия корольдігінің өзі дүниежүзілік рухтың соңғы сөзі емес. Гегель тұтасты жекеден үнемі жоғары қоятынын ескерсек, ол ұлттық мемлекеттер ақыр соңында дүниежүзілік билікке бағынулары тиіс деген болжам жасайды деп күтуімізге болатын еді. Бірақ әлемдік мемлекет идеясы Гегельге ұнамады, себебі ол тарих диалектикасындағы қажетті кезең болып саналатын соғысты теріске шығарар еді. Гегель соғысты қажетті зұлымдық қана емес, өмір сүрудің шарттылығын еске салып отырушы ретінде жағымды сипатқа ие нәрсе деп қарастырды. «Бұл шарттылық уақытша игіліктер мен заттардың өтпелілігіне байыпты қарауымыз керектігін» ескертеді. Сондықтан Гегель Канттың мәңгілік бейбітшілікті іздеуіне қарсы шықты. Адамзаттың Гегель болжамдаған



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 17. Гегель ұлттық мемлекет туралы. Макиавеллидің «Билеушісі». Мордың «Утопиясы»

болашағы Германияда да, біріктірілген бейбітшілік әлемінде де болмады, ол, шамасы, «біздің алдымыздағы ғасырда дүниежүзілік тарих тарихының құпиясы ашылатын» Америкада, Солтүстік пен Оңтүстіктің континенттік ұлы соғысында көрініс табатын шығар.

Германияның Гегель дүниеден өткеннен кейінгі жүз жылдық және одан да астам тарихы оның саяси философиясын жаман атаққа қалдырды. Оның мемлекетті өзіндік мақсат ретінде мадақтауы, неміс халқының космостық рөліне деген сенімі, соғысты жағымды бағалауы XX ғасырдың быт-шытын шығарған екі дүниежүзілік соғысқа жауапкершіліктен қашып құтылуына мүмкіндік берер ме екен? Ол бағалаған Пруссия моделі, өзі ұстанған ұлтшылдық нацистердің тоталитарлық расизмінен біршама алыс болды. Десек те оның философиялық мансабы, Руссо секілді, қате метафизикадан туындайтын апатты салдарды еске салу болып саналады. Біз ол туралы белгілі бір түрде жеке, адамның қарапайым индивиді емес, шынымен де жоғары формасы деп ойлағанда ғана мемлекет ішкі құндылыққа ие деп сенуге болады. Бұған Гегельдің ұлттық мемлекеттерді жандандыратын ұлттық рухтардың арасындағы өзара әсер етуде өмір сүрген дүниежүзілік рух бар деген метафизикалық болжамын қабылдағанда ғана рационал түрде сенеміз.

Философия тарихына қазіргі заманғы мәселелерді түсіну үшін қызығатын адамдар Макиавеллиден бастап Гегельге дейінгі кезеңді – саяси философияның гүлдену дәуірін қарастыра алады. Ежелгі және орта ғасыр дүниесі қазіргі заманғы саяси философиядан тым алыс. Басқа жағынан алғанда, келесі томда байқайтынымыздай, XIX ғасырдың ұлы философтарының саяси зерттеулері жаңа ғана қалыптасып келе жатқан экономика және әлеуметтану пәндеріне қарыздар, себебі олар таза саяси философияның өзгермес ядросы болып саналатын мәселелерді зерттейді.

Саяси философия. Макиавеллидің «Билеушісі»

1511–1520 жылдар арасындағы онжылдықта жарық көрген екі еңбек: Макиавеллидің «Билеушісі» мен Мордың «Утопиясы» қазіргі заманғы саяси философияның бастауы болып саналады. Екі кітап та идеал мемлекеттің мәні мен жақсы басшының қасиеттерін алғашқы принциптерден туындатуға ұмтылатын әдеттегі схоластикалық трактаттан мүлдем өзгеше. Олардың бірі – басқарушыға арналған қысқа да сыпайы кеңестер; екіншісі – романтикалық фантазия. Екі жұмыс та саяси ұстанымдардың қарама-қарсы жақтарында орналасқан. Макиавеллидің «Билеушісі» – толығымен диктатор, ал Утопияда демократиялық коммунизм жоспарланған. Сондықтан да екі трактатты саяси философиядағы келесі пікірталастардың бағыттарын анықтау деп қарастыруға болады.

Бірақ та «Билеуші» Макиавеллидің саяси философия бойынша жазған жалғыз ғана еңбегі емес екенін айту қажет. Ол Ливия туралы дискурстер жазып, монархиялық басқару бойынша кеңестермен қатар, республика үкіметі туралы ұсыныстарын баяндады. Осы дискурстерінің барысында ол келесі принципті сипаттайды:

Бүкіл елдің қауіпсіздігінің тағдырын анықтайтын шешім қабылдағанда әділеттікке де, әділетсіздікке де, мейірімділікке де, қатыгездікке де, мадаққа да, ұятқа да назар аудармау керек. Басқа пікірлердің бәрін ұмытып, өз еліңнің өмірін құтқаратын және тәуелсіздігін сақтап қалатын жол таңданылуы тиіс.

«Халықтың әл-ауқаты – ең жоғары заң» мүлдем жаңа доктрина емес еді. Кезінде оны Цицерон теория түрінде жариялап, іс жүзінде орындауға ұмтылды. Билеушіде мемлекеттің ғана емес, оның басқарушысының да әл-ауқаты сөз болады және ол басқа пайымдаулардан басым түскен. Диктатор билеуші қажет кезде заңдылықты, мораль мен қоғамдық пікірді назарға ілмей әрекет ете алады.

Өзінің шенеунік және дипломат кезіндегі тәжірибесіне, сонымен қатар, антика тарихы бойынша жинаған біліміне сүйене отырып, Макиавелли басқа жерлерді қалай басып алуға және олардан қалай айрылып қалуға болатынын, оларды қалай жақсы қадағалау қажеттігін сипаттайды. Егер де билеуші тәуелсіз және өзін-өзі басқарған мемлекетті басып алғысы келсе, оны түгелімен жойып жіберуі тиіс; әйтпесе, еркіндік туралы естеліктер оларды үнемі көтеріліске шақырып отыратын болады. Билік басына келген соң билеуші ізгілікті сияқты болып



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 17. Гегель ұлттық мемлекет туралы. Макиавеллидің «Билеушісі». Мордың «Утопиясы»

көрінуі тиіс, іс жүзінде олай болып керегі жоқ. Оны халықтың қатыгез емес, мейірімді деп есептегенін қалауы тиіс, шындығында, сүйікті болғаннан, қорыққан қауіпсіздеу.

Алайда қорқу үшін, жек көру міндетті емес. Билеушіден оны жек көрмей-ақ қорқуға болады.

Мүлік мәселесіне араласпағанша және өзінің азаматтары мен қол астындағылардың әйелдерімен қарым-қатынас жасамағанша. Егер де оны өлімге мәжбүрлесе, оның қисынды негізі және айқын себебі болғанда ғана оны қабылдау керек. Бірақ ол ең алдымен бөтен меншіктен бас тартуы тиіс. Ер адамдарға мүлкінен айырылғаннан гөрі әкесін жоғалтқан кешірімді.

Билеуші үшін мейірімділік, ізгі сенім, адамшылық, тұтастық және діншілдік қасиеттеріне ие болып көрінгеннен маңызды ештеңе жоқ және осы лайықты сапаларға толы емес бір де бір сөздің өзінің аузынан шықпауын ол мұқият қадағалап отыруы тиіс. Бірақ мемлекетті сақтау үшін билеуші сенімді бұзып, мейірімділікке, адамшылық пен дінге қарсы келетін күнәһар істер жасауға жиі мәжбүр болады. Адамдар оның жаман әрекеттерін емес, тамаша істерін көбірек көріп, естісе, ол өзінің билігін сақтап, өзінің қол астындағылардың мадағына ие болады.

Атап айтсақ, билеуші өзіне зиян әкелетін және оның себептері жойылған уәдеде тұрмауы тиіс. Ол түлкіге арыстаннан кем емес ұқсауы тиіс және сенімді бұзғандығын жасыру үшін қажет болатын шындыққа ұқсас себептер ылғи да жетіспей жатады. Бірақ та өзінің сөзінде тұрмайтын билеушілерге кім сенетін болады? Тарих көрсеткендей, бұл алдау мәселесіне қатысты. Ақылы бар кез келген адамға алдануға дайын адамдарды табу қиынға соқпайды.

Макиавелли ілімінің салқынқанды цинизмі таңдандырмай қоймайды. Ол билеушілерге толық принципсіздікті ұсынумен шектелмейді; бұл аз болғандай, оның кеңестері билеушілердің қол астындағылардың бәрі сенгіш және пайда көруді ғана көздейді деген болжамға негізделген. Кейбіреулерді кітаптың имморалдығы шошындырды; басқалары адамгершілік мазмұнның жоқтығы алдауға жаңа бір реңк беріп түр деп шешті. Алайда Макиавелли жоғары көтеріп, мадақтаған үлгілерді, мысалы, Александр VI мен оның ұлы Цезарь Борджианы қолдағандардың саны аз болды. Александр екіжүзділігімен даңқы шықты: «ол сияқты уәдені көп беретін, салтанатты түрде ант беруден қашқақтайтын және оларды орындамайтын басқа адам жоқ шығар». Орталық Италияны басып алу үшін пара беру мен адам өлтіруге дейін барған, алайда аяқастынан жолы болмай, мақсатына жете алмаған Цезарьдің қызметі саяси шеберліктің парадигмасы ретінде қолдау тапты: «герцогтің барлық іс-әрекеттерін осылайша қарастыра отырып, мен оны кінәламаймын; керісінше, оны үлгі тұтқан дұрыс деп есептеймін».

Папа Борджианың немесе оның жауы және ізбасары Юлий II папаның тұсындағы Папа мемлекеттерінің тарихын Билеушінің шіркеу билеушілеріне арналған қысқаша тарауына сыйғызу қиын. «Дінбасы билеушілер, – дейді Макиавелли, – өздері басқармайтындарды қорғамаймыз және оларға бағынбаймыз деп жариялайды; бірақ қорғансыз мемлекеттер олардың билігінде қала береді және олар басқармайтын қол астындағылар басшыларына сенімсіздік танытпайды және ол туралы ойламайды да, яғни осындай мемлекеттер ғана қауіпсіз және бақытты».

Мордың «Утопиясы»

Бұл ескертпе мысқыл болды ма, әлде Юлийді алмастырған жаңа Папа Медичи Лео басқарып отырған Римнен өзіне қызмет іздеу үшін жасалған ұятсыз қадам болды ма – мұны түсіну қиын. Осы үзіндінің үлгісін Мордың «Утопиясынан» табуға болады, онда келісімшарттар ылғи да Еуропада, жекелеген жағдайларда суверен понтификтерді, яғни көне Римде дінді қадағалайтын абыздардың жоғары коллегиясының мүшелерін құрмет тұтқаннан байқалады деп атап көрсетілген.

Олардың өздері ешқандай да уәде бермейді, бірақ соның бәрін өте діни орындайды, сондықтан олар барлық билеушілерді өз уәделерінде тұруға шақырады; одан бас тартатындарды немесе теріске шығаратындарды өздерінің Папа билігіне сүйене отырып, мәжбүрлейді.

Интенция бұл жерде кекесін түрінде болуы тиіс. Адамдардың көбі Папаны қорғау жолында өлуге дайын еді; бірақ ол XVI ғасырдағы өзінің кейбір опасыз бағыныштылары осылай жасайды деп өзін алдағысы келмеді.



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 17. Гегель ұлттық мемлекет туралы. Макиавеллидің «Билеушісі». Мордың «Утопиясы»

Қоғамға зиян әкеліп отырған қызметтер мен институттарды тікелей, жанама және мысқылды сынау – «Утопияға» тән сипат. Фландриядағы елшілік қызметінен жаңа ғана оралған Мор мен Антверпен қаласының клеркі Питер Гилль және ойдан шығарылған теңізші Рафаил Гитлодейдің арасындағы сұхбат түрінде жазылған еңбек екі кітаптан тұрады. Бірінші кітаптағы әлеуметтік сын тіке және өткір түрде; екіншісінде – қазіргі заманғы қоғамның бұрыстығын көрсететін күлкілі айна ретінде берілген.

Бірінші кітапта баяндалатындай, Гитлодей – жақында ашылған Америка континентіне есімі берілген теңізші Америго Веспуччидің португалиялық серіктесі. Веспуччиден соң Бразилияда қалған ол үйіне Үнді елі арқылы оралып, көптеген елдермен танысты, «Утопия» олардың арасындағы ең мықты сақталғаны еді. Гилльде оның әңгімесін асыға күтеді, алайда Гитлодей оған кіріспес бұрын Англияның өмірі бойынша ескертпелерін жеткізеді. «Ұрыларды өлім жазасына кесу», – дейді ол, – жазалаудың тым қатал түрі және аштыққа қарсы жалғыз альтернатива – ұрлықты тоқтатуға бұл жеткіліксіз шара. Бір адамның бөтен адамның ақшасының құрбаны болуы мүлдем әділетсіз. Ұрлықтан оның себебін – кедейлікті жою арқылы құтылу керек. Бұл басқалардың еңбегінің есебінен күн көріп отырған ақсүйектер мен арамтамақтардың ашкөздігімен байланысты: олар байғұс шаруаларды жерлерінен ығыстырып, бұл жерлерде жүн мен азық-түліктің бағасын көтеруге ықпал ететін қой шаруашылығын дамыта бастайды.

Гитлодей ұрлық үшін өлім жазасына кесуге қарсы екі аргумент келтіреді. Біріншіден, бұл Құдайдың «өлтірме» деген әмірін бұзу.

Екіншіден: ұры мен кісі өлтірушінің бірдей жаза алатыны мемлекет үшін қаншалықты мәнсіз, тіпті қауіпті екені бәрімізге белгілі. Ұрлығы үшін жазаланған ұры оған кісі өлтірген адаммен бірдей қауіп төніп тұрғанын көреді, бұл оны өзі тонап қоя салуға болатын адамды өлтіруге итермелейді... Адамды жоқ қылып, өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оқиғаны жеткізетін ешкім қалмаса, қылмысты жасырып қалуға болады деген үміт пайда болады.

Реформаторлар осы аргументті парламент XIX ғасырда ұрлық үшін өлім жазасын беруді алып тастағанша қайта-қайта ұсынды. Алайда бұл Утопияның бірінші емес, екінші кітабы, ол танымалдау болуға тиіс еді, себебі дәл осы кітапта жер бетінде жоқ мемлекеттің сипаттамасы берілген.

«Утопия» грекше атаудың транслитерациясы. Ол бақыт мекені, бақыт елі дегенді білдіреді.

Утопия – жарты ай түріндегі, ұзындығы 500 миль, ең кең жерінде ені 200 миль арал. Оған әрқайсысы ауылшаруашылығымен айналысатын 6000 үй шаруашылығы бар елу төрт қала кіреді. Шаруашылықта жиырма адамнан құрылған роталарға бөлінген қала тұрғындары еңбек етеді, олар екі жылын осында өткізуге міндетті. Әрбір қала жыл сайын өздерінің үш ақсақалын елдің астанасы Амауроттағы Сенатта өтетін кездесуге жіберіп отырады. Амауроттың сипаттамасы Мордың Лондонын еске салады: екеуінің адам таңғаларлық бір ғана айырмашылығы бар – жеке өмірдің немесе жекеменшіктің құпиялылығы деген ұғым жоқ. Үйлердің бәрі ашық, бір де бір есік ешқашан құлыптанбайды.

Әрбір азамат, мейлі ол ер адам немесе әйел адам болсын, ауылшаруашылығына қосымша мата тоқу немесе ағаш шеберлігі секілді қолөнермен айналысуы тиіс. Ғалымдар, дінбасылар және магистранттар ғана дене еңбегінен босатылған. Жатып ішерлер жоқ, әрбір адам жұмыс жасауға міндетті, бірақ жұмыс күні алты сағатқа ғана созылады. Осыншама аз уақыт жұмыс жасаса, утопистер өздерінің қажеттіліктерін қалай қанағаттандырады? Егер Еуропада қаншама жатып ішерлердің өмір сүріп жатқанын ескерсек, мұны шешу оңай.

Біріншіден, адамдардың жалпы санының жартысын құрайтын әйелдердің бәрі деуге болады: басқаша айтсақ, әйелдер жұмыс жасайтын жерде ер адамдардың жұмысы тұрып қалады. Одан басқа, дінбасылар мен діни адамдар деп аталатындардың компаниясы соншалықты үлкен және олар уақыттарын құр сандалумен өткізеді; оларға барлық бай адамдарды, әсіресе, джентльмендер және ақсүйектер деп аталатын жермен айналысатындарды, олардың малайларын: мен семіз мақтаншақ содырлардың тобыры туралы айтып отырмын, қосыңыз. Олардың қатарында өздерінің арамтамақ өмірлерін ауру немесе сырқаттың астына жасырған мықты да батыл қайыршылар да бар.

Утопияда еңбек ету оңай, себебі жұмыс қолы көп және сұраныстар қарапайым. Коммуналдық ғимараттардың күйі жақсы және жаңа қожайындардың қисынсыз қалаулары бойынша оларды үнемі қайта салып отыруға мұқтаждық жоқ. Киім тігу үшін де көп еңбек қажет емес, себебі утопистер боялмаған, қатты және төзімді матадан тігілген киімдерді жақсы көреді.



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 17. Гегель ұлттық мемлекет туралы. Макиавеллидің «Билеушісі». Мордың «Утопиясы»

Утопия мен Платонның Республикасының арасындағы үлкен айырмашылық – отбасының қоғамның негізгі ошағы екенінде. Қыз балалар өсе келе күйеулерінің үйіне көшеді, бірақ ұлдар мен немерелер сол үйде, жасы үлкен атасының қол астында, оның басшылық жасауға күші жеткенше қала береді. Бір де бір үй шаруашылығында оннан аз немесе он алтыдан көп ересек адамдар болмауы тиіс; артық адамдар саны азайып кеткен шаруашылықтарға беріледі. Қаладағы үй шаруашылықтарының саны 6000-нан аса, отбасылар шағын қалаларға көшіріледі. Аралдағы әрбір қала толық болса, шегарадан тыс жерлерді отарлау басталады. Егер де жергілікті халық көшуге қарсылық білдірсе, утопиялықтар қарудың күшімен бағындырады, «себебі олар бір адам жерді пайдаланбай, бос ұстап, оны табиғат заңы бойынша қарындары тоқ болып, тыныш өмір сүрулері тиіс басқалар адамдарға пайдалануға бермесе, бұл соғыстың ең қарапайым негізі деп есептейді».